

2023 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдерін, ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандатуға субсидиялар нормативтерін, субсидиялар алушыларға қойылатын өлшемшарттарын және субсидиялар алуға арналған өтінім беру мерзімдерін бекіту туралы

Мерзімі біткен

Шымкент қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 15 наурыздағы № 564 қаулысы. Шымкент қаласының Әділет департаментінде 2023 жылғы 28 наурызда № 170-17 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Агроөнеркәсіп кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 2-тармағының 12) тармақшасына және "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 15 наурыздағы № 108 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18404 болып тіркелген) сәйкес, Шымкент қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес 2023 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттырудың субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері бекітілсін.

2. Осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес 2023 жылға арналған ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандатуға субсидиялар нормативтерін, субсидиялар алушыларға қойылатын өлшемшарттары және субсидиялар алуға арналған өтінім беру мерзімдері бекітілсін.

3. "Шымкент қаласының ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны Шымкент қаласының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы оның ресми жарияланғанынан кейін Шымкент қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Шымкент қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрлігі

Шымкент қаласы әкімінің
2023 жылғы 15 наурыздағы
№ 564 қаулысына 1-қосымша

2023 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттырудың субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Шымкент қаласы әкімдігінің 15.12.2023 № 2845 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі).

№	Субсидиялау бағыттары	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидиялар нормативтері, теңге	Субсидия көлемі	Субсидия соммасы, теңге
Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруға субсидиялар көлемі					
Етті және етті-сүтті мал шаруашылығы					
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу:				
1.1.	Ірі қара малдың тауарлық аналық басы	б а с / шағылыстыру маусымы	10 000	1 077	10 770 000
2.	Етті, етті-сүтті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқасын сатып алу	сатып алынған бас	150 000	19	2 850 000
3.	Бордақылау алаңдарына бордақылау үшін немесе сою қуаты тәулігіне кемінде 50 бас ірі қара мал болатын ет өңдеуші кәсіпорындарға өткізілген немесе ауыстырылған ірі қара малдың е р к е к дарактарының (оның ішінде	тірідей салмағы, килограмм	200		14 155 800

	сүтті және сүтті-етті тұқымдардың еркек дарақтары) құнын арзандату			70 779	
Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы					
4.	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу:				
4.1.	Аустралия, Солтүстік және Оңтүстік Америка, Еуропа елдерінен импортталған	сатып алынған бас	400 000	104	41 600 000
5.	Сүт өндіру құнын арзандату :				
5.1.	Бағымдағы сиырларының саны 50 бастан басталатын шаруашылық	өткізілген немесе өңделген килограмм	20	4 323 885	86 477 700
5.2.	А у ы л шаруашылығы кооперативі		20	23 336 748	466 734 960
Қой шаруашылығы					
6.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу:				
6.1.	Қойлардың асыл тұқымды аналық басы	б а с / шағылыстыру маусымы	4 000	1 361	5 444 000
6.2.	Қойлардың тауарлық аналық басы		2 500	7 280	18 200 000
7.	Отандық асыл тұқымды қойлар сатып алу	сатып алынған бас	15 000	233	3 495 000
Шошқа шаруашылығы					
8.	Шошқалардың аналық және шошқа басын толықтыратын басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстар жүргізу	б а с / шағылыстыру маусымы	40 000	497	19 880 000
Жұмыртқалы құс шаруашылығы					

9.	Асыл тұқымды құстардан алынған жұмыртқа бағытындағы финалдық нысандағы тәуліктік балапан сатып алу	сатып алынған бас	60	263 100	15 786 000
Балара шаруашылығы					
10.	Балара ұяларымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу	балара ұясы/ маусым	5 000	10 625	53 125 000
Ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандату					
11.	Ірі қара малдың тауарлық аналық басы	бас	35 000	2 070	72 450 000
11.1.	Бағымдағы сиырларының саны 50 бастан басталатын шаруашылық және етті, етті-сүтті бағыттағы ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басы		50 000	567	28 350 000
11.2.	Сүтті және сүтті-етті бағыттағы ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басы		70 000	336	23 520 000
12.	Қойлардың аналық басы		8 000	10 418	83 344 000
13.	Жылқылардың аналық басы		30 000	918	27 540 000
14.	Шошқалардың аналық басы	7 000	731	5 117 000	
Жиыны					978 839 460
Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруға субсидиялау бағыттары бойынша 2022 жылы резервке (күту парағына) келіп түскен өтінімдер бойынша субсидиялар көлемі					
Етті және етті-сүтті мал шаруашылығы					
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу:				

1.1.	Ірі қара малдың тауарлық аналық басы	б а с / шағылыстыру маусымы	10 000	173	1 730 000
Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы					
2.	Сүт өндіру құнынарандату:				
2.1.	А у ы л шаруашылығы кооперативі	өткізілген немесе өңделген килограмм	20	1 014 888	20 297 760
Қой шаруашылығы					
3.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу:				
3.1.	Қойлардың тауарлық аналық басы	б а с / шағылыстыру маусымы	2 500	2 080	5 200 000
Жұмыртқалы құс шаруашылығы					
4.	Тағамдық жұмыртқа өндіру құнын арзандату 5 (бес) миллион данадан басталатын нақты өндіріс	Өткізілген дана	3	8 240 260	24 720 780
Балара шаруашылығы					
5.	Балара ұяларымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу	балара ұясы/ маусым	5 000	2 314	11 570 000
Ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандату					
6.	Ірі қара малдың тауарлық аналық басы		35 000	123	4 305 000
6.1.	Бағымдағы сиырларының саны 50 бастан басталатын шаруашылық және етті, етті-сүтті бағыттағы ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басы		50 000	113	5 650 000
7.	Қойлардың аналық басы		8 000	2 080	16 640 000
		б а с			

8.	Жылқылардың аналық басы	бас	30 000	94	2 820 000
Жиыны					92 933 540

Шымкент қаласы әкімінің
2023 жылғы 15 наурыздағы
№ 564 қаулысына 2-қосымша

2023 жылға арналған ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандатуға субсидиялар нормативтері, субсидиялар алушыларға қойылатын өлшемшарттары және субсидиялар алуға арналған өтінім беру мерзімдері

№	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 басқа арналған субсидия нормативі, теңге	Өлшемшарттары	Өтінім беру мерзімі
1	Сүтті және сүтті етті бағыттағы ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басы	бас	70 000	1) аналық баста тиісті тұқым жөніндегі республикалық палата берген асыл тұқымды мал мәртебесінің болуы 2) өтінім берген сәтте (жасы 18 айдан асқан) меншікті аналық басының 100 бастан кем емес болуы 3) тасымалданатын сауу қондырғыларын қоса алғанда, машина саууға арналған жабдығы, сиырларды күтіп-бағуға арналған қора-жай;	

				<p>тасымалды сауу қондырғысын қоса алғанда, машинамен сауу ; ветеринариялық препараттарды сақтау орны, малға арналған бекіткіші бар тауарлық сүт фермасына берген арнайы комиссияның оң қорытындысын ың болуы</p>	
2	<p>Бағымдағы сиырларының саны 50 бастан басталатын шаруашылық және етті, етті-сүтті бағыттағы ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басы</p>	бас	50 000	<p>1) өтінім берген сәтте (жасы 18 айдан асқан) меншікті аналық басының 50 бастан кем емес болуы 2) тасымалданатын с а у у қондырғыларын қоса алғанда, машина саууға арналған жабдығы, сиырларды күтіп-бағуға арналған қора-жай; тасымалды сауу қондырғысын қоса алғанда, машинамен сауу ветеринариялық препараттарды сақтау орны, малға арналған бекіткіші бар тауарлық сүт фермасына берген арнайы комиссияның оң қорытындысын ың болуы (бағымдағы сиырларының саны 50 бастан басталатын</p>	<p>Ағымдағы жылдың 20 желтоқсанына дейін</p>

				шаруашылықтар үшін) 3) аналық баста тиісті тұқым жөніндегі республикалық палата берген асыл тұқымды м а л мәртебесінің болуы (етті, етті-сүтті бағыттағы ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басы үшін)
3	Ірі қара малдың тауарлық аналық басы	бас	35 000	1) өтінім берген сәтте (жасы 18 айдан асқан) меншікті аналық басының 15 бастан кем емес болуы
4	Қойлардың аналық басы	бас	8 000	1) өтінім берген сәтте (жасы 12 айдан асқан) меншікті аналық басының 50 бастан кем емес болуы
5	Жылқылардың аналық басы	бас	30 000	1) өтінім берген сәтте (жасы 36 айдан асқан) меншікті аналық басының 15 бастан кем емес болуы
6	Шошқалардың аналық басы	бас	7 000	1) өтінім берген сәтте (жасы 12 айдан асқан) меншікті аналық басының 50 бастан кем емес болуы

Ескертпе:

Жануарларды күнтізбелік жыл ішінде сатып алған кезде ауыл шаруашылығы жануарларының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандатуға субсидиялар сомасының есебі жануарларды ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқорда тіркеген сәттен бастап жүзеге асырылады.

Өтінімді берген сәтте селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпараттық қорында және ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқорда мал басын тіркеудің болуы және деректердің сәйкестігі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ